



Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ - 198/2020 бұйрығының 1-қосымшасы

Параграф 4. Науқас баланы күту бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру

59. Науқас балаға күтім жасау бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын медицина қызметкері тікелей күтім жасауды жүзеге асыратын баланың заңды өкілдерінің немесе жақын туыстарының біреуіне береді.

60. Науқас балаға күтім жасау бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасы ол күтім жасауды қажет еткен кезеңі ішінде, бірақ күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімге беріледі және ұзартылады. Анасымен немесе баланың басқа да заңды өкілдерімен болған бала тұрғылықты мекенжайынан тыс жерде ауырып қалған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасы басқа қалалық ретінде (медициналық ұйым басшысының қолы қойылып) беріледі.

61. ДҚК қорытындысы бойынша күтімді қажет ететін баланы стационарлық, оның ішінде оңалту орталығында емдеу кезінде күтім жасау бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасы ата-ананың біреуіне немесе балаға күтім жасайтын адамға беріледі:

- 1) үш жасқа дейін баланың стационарда болған бүкіл кезеңінде;
- 2) үш жастан жоғары ауыр науқас балалардың бала осындай күтімді қажет ететін мерзімге;
- 3) мүгедек-баланың ДҚК қорытындысы бойынша стационарда болған бүкіл кезеңінде;
- 4) медициналық ұйымның жолдамасымен олардың тұрақты мекенжайынан тыс, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерге, барып-қайту жолдақасын қоса алғанда, стационарда болған бүкіл кезеңінде беріледі.
62. Егер бала стационардан шығарылғаннан кейін күтім жасауды қажет етсе, ал емдеуге жатқызылғанға дейін күтім жасау үшін жұмыстан босату жүргізілмесе, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын тұрғылықты мекенжайы бойынша медициналық ұйым күнтізбелік он күнге дейінгі кезеңге береді. Егер стационарға жатқызылғанға дейін бұл ауру бойынша еңбекке жарамсыздық парағы немесе анықтамасы берілген болса, ол қалған күндерге де (он күнге дейін) беріледі.
63. Күтім жасау бойынша босатылған кезеңде балада бұрынғы ауруға қатысы жоқ басқа ауру туындаған жағдайда анасына (әкесіне немесе отбасының басқа бір мүшесіне) басқа еңбекке уақытша жарамсыздық парағы және анықтамасы беріледі.
64. Егер бала Қазақстан Республикасынан тыс жерге жіберілсе, ол қайтып келген кезде басқа елдегі консулгация (емдеу) туралы құжаттардың негізінде ДҚК еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын түпкілікті рәсімдеуді жүргізеді.
65. Бір мезгілде екі және одан да көп бала ауырған жағдайда оларға күтім жасау бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парағының немесе анықтамасының біреуі беріледі.
66. Бала анасының (әкесінің) жұмыстан босауын (жалғайтын) төленетін еңбек демалысы, жұктілігі және босануы бойынша демалыс, еңбекке қатысы сақталмайтын демалыс, демалыс немесе мереке күндері, сондай-ақ балада бұрынғы ауруына байланысты емес басқа ауру туындаған жағдайда) қажет етпейтін кезеңде ауырған кезде күтім жасау бойынша уақытша жұмысқа жарамсыздық парағы баланың сырқаттануы басталған күні есепке алынбай, ата-анасының жұмысқа кірісуі тиіс күнінен бастап беріледі.
67. Анасы (әкесі) балаға күтім жасауды жүзеге асыра алмай ауырып қалған жағдайда, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын анасы (әкесі) ауырған кезде балаға күтім жасауды нақты жүзеге асыратын отбасы мүшесінің біреуіне олардың емделген жеріндегі медициналық ұйым береді.
68. Науқас балаға күтім жасау бойынша демалыста жүрген, толық емес жұмыс күні шартында немесе үйде жұмыс істейтін адам еңбекке уақытша жарамсыз болған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық парағы беріледі.
69. Ремиссия кезеңінде созылмалы науқас балаларға күтім жасау бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе анықтамасы берілмейді.

«Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірмесі» Мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

1. Аурухананың барлық емге жатқызылған стационарлық пациенттері 1) жазбаша эликтрик қорытынды, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы құжатты (үзінді көшірме) рәсімдей отырып, шығарылуға жатады.
 - 1.1. Ауруханадан шығаруды ерте жоспарлау пациенттің медициналық және медициналық ем қажеттіліктері мен олардың орындалуы туралы мәліметтерді жинауға мүмкіндік береді.
 - 1.2. Ауруханадан шығаруды жоспарлау әсіресе мына ациенттер үшін өте маңызды:
 - * аурухана орналасқан қаланың / елді мекеннің сыртынан келгендер;
 - * қосымша оқытуды қажет ететіндер;
 - * қаржылық қиындықтары барлар;
 - * шығарылғаннан кейін медициналық және медициналық емес көмекке мұқтаж адамдар (басқа медициналық мекемеге жазылып берілетін көмекші құралдарды пайдалана отырып);
 - * ауруханадан шығару кезінде медициналық тасымалдауды қажет ететіндер.
 - 1.3. Емдеуші дәрігер пациенттің ата-анасына (камкоршысына) ауруханадан шығаратын күні туралы мүмкіндігінше ертерек ауызша хабарлайды (3-5 күннен кешіктірмей ұсынылады).
 - 1.4. Әңгімелесу жүргізетін дәрігер немесе мейірбикесі пациенттің ата-анасының (камкоршысының) оған берілген нұсқауларды түсінгеніне көз жеткізуі керек. Қажет болса, пациенттің ата-анасының (камкоршысының) олар үшін маңызды тармақтарды қайталауын сұраңыз. Ұсыныстар мен тренинг пациенттің ата-анасына (камкоршысына) түсінікті түрде беріледі.
- Емдеуші дәрігер пациенттің ата-анасының (камкоршысының) ауруханадан шығаруға дайын екенін анықтайды. Науқасты ауруханадан шығару, басқа маманға немесе ұйымға жолдама пациенттің денсаулық жағдайына, оның қажеттіліктеріне негізделуі керек.
2. Үзінді көшірме жасалды:
 - * науқас денсаулығына немесе ауруханаға жатқызуды мақсатына жеткенде (емдеу және күтім жоспарына сәйкес);
 - * науқас ауысуына зиян келтірместен тұрғылықты жері бойынша амбулаториялық-емханалық емдеуді жалғастыра алатын тұрақты жақсару кезінде;
 - * кезеңдік операциялардан кейін серзім сайын;
 - * басқа ұйымның медициналық көмегіне қажет болған жағдайда;
 - * пациентті немесе оның заңды өкілінің талабы бойынша ауруханада жоспарланған емдеу аяқталғанға дейін (медициналық ұсынысқа қарсы үзінді). Дәрігер жазбаша түрде "Ұсынылған медициналық емдеуден ақпараттандырылған бас тарту қағазын алады", алады, көшірмесі үзінді көшірмеге қоса беріледі.
 3. Үзінді көшірмеде (үзінді эликтрик) мынадай тармақтар болуы тиіс:
 - * ауруханаға жатқызуды себебі (шағымдар, ауру тарихы, өмірдің қысқаша тарихы);
 - * толық диагнозы, соның ішінде ішкі патологиясы;
 - * тексерулер мен зерттеулердің маңызды анықтаулары;
 - * жүргізілген диагностикалық және емдік манипуляциялар, оның ішінде хирургиялық араласулар (маңызды аспектілер);
 - * жүргізілген дәрілік терапия (маңызды аспектілер);
 - * ауруханадан шығару кезіндегі науқастың жағдайы;
 - * ауруханаға жатқызуды мақсаттары мен ұсыныстарына қол жеткізуді ме
 - * қажет болған жағдайда дәрі-дәрмекпен емдеу бойынша ұсыныстар (егер тағайындауды пациенттің тұрғылықты жері бойынша дәрігер анықтаса, күресті, дозаны, еселікті егжей-тегжейлі көрсету талап етілмейді);
 - * қажет болған жағдайда (егер бұл пациентке берілген жадынамада көрсетілмесе) медициналық көмекке қайта немесе шұғыл жүгінуді талап ететін ауруханадан шығарылғаннан кейінгі жағдайдың нашарлау белгілері;
 - * оңалту, психологиялық, әлеуметтік көмекті қоса алғанда, одан әрі емдеу және күтім бойынша ұсыныстар.
 - a. Үзінді көшірмені 1 данасы дайындалды;
 - b. Шығару эликтрик пациенттің ата-анасына немесе камкоршысына ол стационардан шыққанға дейін 1 сағат ішінде беріледі. Бұл дана пациентті шығарғаннан кейін бақылауға жауапты тұрғылықты жері бойынша медицина қызметкеріне де арналған.
- Стационарлық емес жағдайлар :**
- Пациенттің ата-анасы (камкоршысы) дәрігердің ұсынымына қарсы "ұсынылған медициналық емдеуден ақпараттандырылған бас тарту" нысанына қол қоймай, емдеуші дәрігердің хабарламасымен (колхатымен) немесе хабарламай ауруханадан шыққан барлық жағдайлар пациенттің тіркелген жері бойынша емханаға немесе тұрғылықты жері бойынша қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына телефон арқылы хабарланады. Бұл ретте пациенттің ата-анасына (камкоршысына) ауруханадан мерзімінен бұрын шығаруға қауіптері мен салдары туралы хабарланады.
- Бөлімше менгерушісі консулгацияларды, пациенттің жолдамаларын ресми (жазбаша) және бейресми (телефон арқылы) келісу және ұсыныстармен мазмұнды үзінді беру арқылы ауруханадан тыс көрсетілетін күтімнің сабақтастығын қамтамасыз етеді.